



## Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 422 Заңы.

## Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы

### МАЗМҰНЫ

Ескеरту. Бұкіл мәтін бойынша "рұқсат етілген", "жіберілген" және "жіберілетін" деген сөздер "ұсынылатын" деген сөзben ауыстырылды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### 1-тарау. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Заң реттейтін қатынастар

Осы Заң селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызметтің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді, селекциялық жетістіктерді жасауға, ашуға, шығаруға, құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын мүліктік, сондай-ақ олармен байланысты мүліктік емес жеке қатынастарды реттейді.

#### 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша құқық - патент иесінің селекциялық жетістікті өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы;

2) алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген, тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне сай келетін таза тұқымды мал;

- 4) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алғынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабактар мен жас балықтар, асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;
- 5) Ауыл шаруашылық дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия - өсімдік сорттарының патентке қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығына сараптама жасауды және оны сынақтан өткізуді жүзеге асыратын агроЭнеркесіптік кешенді дамыту саласындағы үәкілетті органның қарауындағы ұйым;
- 6) бюллетең - селекциялық жетістіктерді қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;
- 7) лицензиялық шарт - патент иесі (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) селекциялық жетістікті белгілі бір түрде уақытша пайдалану құқығын беретін шарт;
- 8) мемлекеттік комиссиялар - агроЭнеркесіптік кешенді дамыту саласындағы үәкілетті органның Ауылшаруашылық дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен Тұқымдарды сынақтан өткізу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы;
- 9) отырғызылатын материал - репродукциялық және вегетациялық түрде көбейетін материалды қоса алғанда, кез келген түрдегі отырғызылатын материал (тұқым, көшет, өсімдіктер және өсімдіктердің оларды көбейтуге арналған бөліктері);
- 10) өтініш беруші - селекциялық жетістікке патент беруге өтінім берген жеке немесе занды тұлға;
- 11) патент иеленуші - патенттің иесі;

12) патенттік сенім білдірілген өкілдер - жеке және занды тұлғалардың уәкілетті орган мен сараптама жасау үйімі алдындағы өкілдігіне Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

13) селекциялық жетістік – адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын, патент берілген өсімдіктің жаңа сұрпы, жануардың жаңа тұқымы (аң шаруашылығы, қоян шаруашылығы, марал шаруашылығы, қашыр шаруашылығы, бұғы шаруашылығы, есек шаруашылығы, құс шаруашылығы, бал ара шаруашылығы, балық өсіру шаруашылығы, ит шаруашылығы сияқты мал шаруашылығының қосымша салаларын қоса алғанда);

14) селекциялық жетістік авторы (селекционер) (бұдан әрі - автор) - сортты, тұқымды жасаған, тапқан немесе өсіріп шығарған жеке адам;

15) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасының патенттер берілген сорттарды, тұқымдарды қамтитын қорғалатын жануарлар тұқымдарының мемлекеттік тізілімі;

16) Селекциялық жетістіктердің пайдалануға ұсынылатын мемлекеттік тізілімі - пайдалануға ұсынылатын, өндірісте шаруашылыққа пайдалану үшін ұсынылатын сортты, тұқымды қамтитын, Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізілімі;

17) сұрып – аталған генотипті немесе генотиптер комбинациясын сипаттайтын белгілердің айқындылық дәрежесі бойынша айқындалатын, сол бір ботаникалық таксондағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің басқа топтарынан бір немесе бірнеше белгісімен не белгілердің айқындылық дәрежесімен ерекшеленетін және тұрақты болып табылатын ең төменгі ботаникалық таксондар шеңберіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тобы. Клон, желі, бірінші ұрпақ буданы, популяция сұрыптың қорғалатын санаттары болып табылады;

18) тауарлық жануар - тауарлық өнім өндіру үшін пайдаланылатын жануар;

19) тұқым - белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайларда адамның шығармашылық қызметінің әсерімен қалыптасқан, "өз ішінде" өсіп-өнуі үшін саны жеткілікті және шаруашылық және асыл тұқымдық құндылыққа ие, іріктеу, таңдау, олардың генотипіне сай келетін технологиялық жағдайлар жасау арқылы қалыпты құйі сақталатын, сондай-ақ оны бір түрдегі басқа тұқымдардан ерекшелейтін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылық жағынан пайдалы қасиеттерінде белгілі бір ерекшелігі бар жалпы шығу тегі ортақ ауыл шаруашылық жануарларының бір түрінің тобы. Тұқымның қорғалатын санаттары: тип, кросс, желі болып табылады;

20) Тұқымдарды сынақтан өткізу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік комиссия - жануарлар тұқымдарының патентке қабілеттілігіне және шаруашылыққа пайдалылығына сараптама жасауды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның консультативтік-кеңесші органды;

21) ұрық (тұқым) - тұқымдық материалдың барлық ботаникалық нысандары: тұқымның өзі, жемістер, дән шоғыры, күрделі жемістердің бөліктері, баданалар мен түйнектер;

22) алып тасталды - КР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - КР 2007.03.02 N 237 Заңымен, өзгерістер енгізілді - КР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **3-бап. Селекциялық жетістікті құқықтық қорғау**

1. Селекциялық жетістікке құқық Қазақстан Республикасының Зандарымен қорғалады және патентпен расталады. Патент селекциялық жетістікті пайдалануға патент иесінің айрықша құқығын, оның басымдығын және селекционердің авторлығын куәландырады.

## 2. Алынып тасталды

3. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Патентпен селекциялық жетістікке берілген құқықтық қорғау көлемі сорттың, тұқымның сипаттамасына енгізілген белгілердің жиынтығымен анықталады.

5. Өсімдіктер сортына патенттің қолданылу мерзімі сараптама жасау үйіміна өтінім берілген күннен бастап - 25 жыл, мал тұқымдарына - 30 жыл, жүзім, сәндік ағаш, жеміс және орман дақылдары сорттарына, оның ішінде олардың қалемшелеріне - 35 жыл болады.

Патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша әрбір ұзарту жылды үшін жүргізілген төлем ескеріле отырып, бірақ он жылдан аспайтындағы етіп ұзартылуы мүмкін.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586, 2007.03.02. N 237, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 3-1-бап. Селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган

1. Селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын және селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізу қағидаларын;

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын;

селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарau қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерді қарau қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) селекциялық жетістіктерді тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды атtestаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) атtestаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды - КР 2004.07.09 № 586, өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **3-2-бап. Сараптама ұйымы**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізеді;

2) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, патенттердің күшін жоюды және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуды жүзеге асырады;

3) селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркейді;

4) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін, бюллетеңізді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;

6) селекциялық жетістіктерді тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеңде жариялады;

7) тіркелген селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді мұдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.

**Ескерту.** 1-тaraу 3-2-баппен толықтырылды - ҚР 2004.07.09 N 586 Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **2-тaraу. Селекциялық жетістіктің патентке қабілеттілігі**

### **4-бап. Селекциялық жетістіктің патентке қабілеттілік шарттары**

1. Патент жаңалығы, ерекшелігі, біртектілігі және тұрақтылығы бар селекциялық жетістікке беріледі.

2. Егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің ұрығы немесе басқа да отырғызылатын материалы, асыл тұқымдық материалы мына аумақта:

1) Қазақстан Республикасында - өтінім берілген күнге дейін бір жыл бұрын;

2) кез келген басқа мемлекетте - өтінім берілген күнге дейін бір жылдық дақылдар бойынша төрт жыл бұрын және көп жылдық дақылдар, тұқымдар бойынша алты жыл бұрын сатылmasa және автор немесе оның құқықтық мирасқоры сортты, тұқымды пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, сорт, тұқым жана деп есептеледі.

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімдеріне тиісті тектер және түрлер енгізілген күнге пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген тұқым тұқымға жаңалық талаптары қойылмай патентке қабілетті деп танылуы мүмкін.

Мұндай селекциялық жетістіктерге осы Заңның 3-бабында аталған патенттің қолданылу мерзімі пайдалануға ұсынылатын жылдан бастап патент берілген жыл аралығындағы мерзімге қысқартылады. Осы Заңның 9-бабында көзделген уақытша құқықтық қорғау мұндай селекциялық жетістіктерге қатысты қолданылмайды.

3. Егер сорттың, тұқымның өтінім берілген кезде бар еkenі жалпыға мәлім кез келген басқа сорттан, тұқымнан анық өзгешелігі болса, олар ерекшелік өлшемдеріне сай келеді. Патент алуға өтінім беру немесе сорттың, тұқымның жаңа сорттардың, тұқымдардың ресми тізіліміне енгізілуі, осы өтінім беру нәтижесінде патент берілген немесе сорт, тұқым аталған тізілімге енгізілген жағдайда, сортты, тұқымды өтінім берілген күннен бастап кез келген елде жалпыға мәлім етеді.

Сорттардың, тұқымдардың жалпыға мәлімдігі өсіру, пайдалану және жариялау фактілері бойынша да белгіленуі мүмкін. Сорттың, тұқымның сипатталу және айырықша ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін белгілер қалпына келтірілетін және дәл сипаттауға ыңғайлыш болуға тиіс.

4. Егер сорттың, тұқымның көбею ерекшеліктерін есепке алғанда осы сорт өсімдіктері немесе тұқым селекцияланатын белгілері бойынша біртекті болса, сол сорт пен тұқым біртекті деп есептеледі.

5. Егер сорттың, тұқымның негізгі белгілері - әрбір көбеюден кейін, ал көбеюдің ерекше циклы жағдайында көбеюдің әр циклының сонында өзгеріссіз қалса, олар тұрақтылық өлшеміне сай келеді.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09. N 586; 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **5-бап. Селекциялық жетістікке патент алуға өтінім**

1. Патент алуға өтінім сараптама жасау ұйымына беріледі.

Автордың немесе оның құқықтық мирасқорының патент алуға өтінім беруге құқығы бар.

Селекциялық жетістік қызмет тапсырмасын немесе қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалған, ашылған немесе шығарылған жағдайда, егер автор мен жұмыс берушінің арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, патент алуға өтінім беру құқығы жұмыс берушіге тиесілі болады.

Егер селекциялық жетістікті бірнеше адам жасаса, ашса немесе шығарса немесе олар авторлардың құқықтық мирасқорлары болса, өтінімді сол өтініш жасаушылар беруі мүмкін.

Өтінім сенімхатқа негізделген өкілеттікке сүйеніп, патент алуға байланысты істі жүргізетін өкіл арқылы берілуі мүмкін.

1-1. Мемлекеттік комиссияда еңбек функциялары жүзеге асырылғанға дейін жүргізілген селекциялық жетістіктерді жасау, анықтау және шығару жөніндегі селекциялық жұмыс жағдайларын қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының

сұрыптарын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың қызметкерлері комиссиядағы бүкіл жұмыс кезеңі ішінде селекциялық жетістікке Қазақстан Республикасының патентін беруге өтінім ұсынуға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар патент алу және олардың күшінде болуы жөніндегі істерді жүргізеді, шағым кеңесіне қарсылықтар береді және уәкілетті органда тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы оларды қарауға қатысады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тысқары жерлерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегіндегі хат жазысу мекен-жайын көрсеткен жағдайда, патенттік сенім білдірілген өкілсіз патенттермен байланысты істерді жүргізе алады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі оған өтінім беруші немесе патент иесі берген сенімхатпен куәландырылады.

3. Селекциялық жетістікке патент алуға өтінім өсімдіктің әрбір сортына, жануарлардың тұқымына ресімделеді және онда:

- 1) патент беру туралы өтініш;
- 2) селекциялық жетістік сауалнамасы;
- 3) іс өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, сенімхат болуға тиіс.

Селекциялық жетістікке патент беруге жасалған өтінімге белгіленген мөлшерде өтінім беруге ақы төленгенін растьайтын құжат және оның мөлшерін азайту үшін негіздемені растьайтын құжат қоса тіркеледі, олар өтініммен бірге немесе өтінім түскен құннен бастап екі ай ішінде табыс етілуі мүмкін. Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Белгіленген мерзімде ақы төленгені туралы құжаттар табыс етілмеген жағдайда өтінім берілмеген деп танылады.

4. Патент алуға арналған өтінім қазақ немесе орыс тілінде беріледі.

5. Өтінім құжаттарына қойылатын талаптарды және оларды қарау тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Мәлімделген сортқа, түкымға сараптама жасауға қажетті басқа құжаттар мен материалдар мемлекеттік комиссияның сауал салуы бойынша беріледі.

Патентке қабілеттілікке сараптама жүргізуге және сынактан өткізуге арналған өтінімді қарау тәртібін агроенеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.

6. Өтінім және оны қараудың барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586, 2007.03.02. N 237, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 6-бап. Селекциялық жетістіктің атауы

1. Селекциялық жетістіктің атауы селекциялық жетістікті бір ізге түсіруге мүмкіндік беруге, қысқа болуға, сол немесе соған жақын ботаникалық немесе зоологиялық түрдің бар селекциялық жетістіктерінің атауларынан өзгеше болуға тиіс. Ол тек цифrlардан ғана тұрмауға, қасиеттеріне, шығу тегіне, селекциялық жетістіктің маңызына, селекционердің жеке басына қатысты жаңылыстырмауға тиіс, адамгершілік пен мораль принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.

Селекциялық жетістіктің ұсынылған атауының дұрыстығын тексеруді мемлекеттік комиссиялар сараптама жасау ұйымынан өтінім материалдары келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде жүзеге асырады.

2. Егер бірдей сорт, тұқым үшін селекциялық жетістікке берілген өтінім Қазақстан Республикасына немесе басқа елдерге берілсе, сорттың, тұқымның атауы осы баптың 1 -тармағының талаптарына сай келмейтін жағдайларды қоспағанда, бірдей сорттың, тұқымның атауы да бірдей болуға тиіс.

3. Егер сорттың, тұқымның атауы осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптарға сай келмесе, өтініш беруші сараптама жасау ұйымының сауал салуы бойынша екі ай мерзімде жаңа атау ұсынуға міндettі.

Егер аталған мерзім ішінде өтінім беруші аталған талаптарға сәйкес келетін жаңа атау ұсынбаса не шағым беру кенесінде селекциялық жетістіктің мақұлдаудан бас тартуды дауламаса, сараптама ұйымы селекциялық жетістікті тіркеуден бас тартады.

4. Селекциялық жетістікті пайдалануши кез келген адам, тіпті патенттің қолданылу мерзімі өтіп кеткен соң да, сорттың, тұқымның Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген атауын көрсетуге міндettі.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09. N 586, 2007.03.02. N 237, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 7-бап. Селекциялық жетістіктің басымдығы

1. Сорттың, тұқымның басымдығы сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күн бойынша белгіленеді.

Егер сарапшы ұйымға бір мезгілде бір сол селекциялық жетістікке патент беруге екі немесе одан да көп өтінім түссе, негұрлым бұрын ұсынылатын өтінімге басымдық белгіленеді. Егер өтінім берушілер арасындағы келісіммен өзгеше көзделмесе, бұл

өтінімдер бір күнде ұсынылатын жағдайда, патент сарапшы ұйым берген неғұрлым бұрынғы тіркеу нөмірі бар өтінім бойынша беріледі.

Осы Заңың 5-бабының 3-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар келіп түсken күn, ал егер құжаттар біr мезгілде ұсынылmasa – олардың соңғысы келіp түsken күn сарaptамa ұйымына өтіnіm беріlgen күn болып табылады.

2. Басымдық Селекциялық жетістіктерді қорғau жөніндегi халықаралық конвенцияғa қатысуши елde біrіnші өtіnіmniң berіlgen күnі бойынша белгіlenуi мүмкіn (конвенциялық басымдық). Өtіnіsh беруші bіrіnші өtіnіmniң конвенциялық басымдық құқығын ol berіlgen күnnен бастап 12 aй iшіnde пайдаланады.

Конвенциялық басымдық құқығын пайдаланғысы келген өtіnіsh беруші сарaptамa жасау ұйымына ұсынылатын өtіnіmde bіrіnші өtіnіmniң basымдық kүnіn жәne kелесi өtіnіm berіlgen kүnnen bастап үш aй iшіnde bіrіnші өtіnіmniң osy өtіnіm berіlgen organ kuəlandyрғan kөşіrmесіn табыс etuge tiis.

Осы шарттар орындалған жағдайда өtіnіsh беруші bіrіnші өtіnіm berіlgen күnnen bастап үш жыл iшіnde қосымша құжattамa мен сынақ өtкіzuge қажетті материал бермеуге құқылы.

Ескерту. 7-бапқa өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09. N 586, 2007.03.02. N 237, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейіn күntіzbelіk он күn өtken соң қолданысқa енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күnіnен кейіn күntіzbelіk он күn өtken соң қолданысқa енгізіледі) Заңдарымен.

### **3-taraу. Селекциялық жетістікке патент беруге жасалған өtіnіmniң сарaptamasы**

#### **8-бап. Алдын ала жүргізіletіn сарaptama**

1. Өtіnіm berіlgen күnnen bастап eki aй merzіm өtken соң сарaptamа жасау ұйымы ol бойынша алдын ала сарaptamа жүргіzedі. Алдын ала сарaptamа жүргізу барысында

өтінімге басымдық берілген күн белгіленеді, қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі. Патент беруге жасалған өтінімге алдын ала сараптама екі ай мерзімде жүргізіледі.

Өтінім берушінің селекциялық жетістіктің мәнін өзгертуей, өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылауларды осы өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін енгізуге құқығы бар.

Көрсетілген өзгерістер өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілген кезде төлем алынбайды.

Қорғау құжатын алу құқығын басқаға беру кезінде өтінім берушінің көрсетуге қатысты өзгерістер немесе өтінім берушінің атауын өзгерту, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлем төленген кезде Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне тіркелген селекциялық жетістік туралы мәліметтер енгізілген күнге дейін жүргізілуі мүмкін.

Сараптама үйымы жоқ құжаттарды немесе түзетілген материалдарды сұратады, өтінім беруші оларды сұрау салу жөнелтілген күннен бастап екі ай мерзімде ұсынуға міндettі.

Өтінім беруші Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістік тіркелгенге дейін өтінімді кері қайтарып ала алады.

2. Сортқа, тұқымға жасалған өтінімге келіп түскен, өтінімнің алғашқы материалдарында келтірілмеген белгілері бар және өтінім берілген сорттың, тұқымның мәнін езгеретін қосымша материалдар өтінім қаралған кезде назарға алынбайды.

3. Алдын ала сараптаманың оң нәтижесін алған кезде сараптама үйымы өтінімді одан әрі қарау туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде өтінім беруші он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі. Өтінімнің және селекциялық жетістік саяул-сұрақтарының көшірмелері мемлекеттік комиссияға жіберіледі.

4. Егер алдын ала жүргізілген сараптамада өтінімнің белгіленген талаптарға сай келмейтіндігі анықталса, оны одан әрі қараудан бас тарту туралы шешім қабылданады, ол туралы өтініш берушіге бір ай мерзімде хабарланады.

5. Өтінімді одан әрі қараудан бас тарту туралы шешімге өтініш беруші шешімді алған күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Шағым кеңесі қарсылықты ол келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.

6. Алдын ала сараптама нәтижесінде оң шешім шығарылған өтінімдер туралы мәліметтер шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде бюллетенъде жарияланады.

7. Сорттың, тұқымның авторы өтінім материалдарында өз есімінің жариялануынан бас тартуға құқылышы.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **9-бап. Селекциялық жетістіктің уақытша құқықтық қорғалуы**

1. Қорғауға өтінім жасалған селекциялық жетістікке өтінім туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап патент берілген күнге дейін уақытша құқықтық қорғау белгіленеді.

2. Патент иесі патент алғаннан кейін селекциялық жетістікті уақытша құқықтық қорғау кезеңінде осы Заңның 14-бабының 1-тармағында аталған әрекеттерді өтініш берушінің рұқсатынсыз жасаған адамнан өтем алуға құқығы бар.

3. Селекциялық жетістікті уақытша құқықтық қорғау кезеңінде өтініш берушіге тек ғылыми мақсаттарда және сату мен өзгедей беру селекциялық жетістікке құқықты өзгедей беруге немесе ұрықты, асыл тұқымдық материалды олардың қорын құру мақсатымен өтініш берушінің тапсырысы бойынша өндіруге байланысты болған

жағдайларда ғана ұрықты, асыл тұқымдық материалды сатуға және өзгедей беруге үсінілатын.

Аталған талаптарды өтініш беруші немесе оның келісімімен басқа адам бұзған жағдайда уақытша құқықтық қорғау болған жоқ деп есептеледі.

#### **10-бап. Селекциялық жетістіктің патентке қабілеттілігіне сараптама және сынақ**

Ескеरту. 10-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - КР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кез келген мұдделі адам өтінім туралы мәліметтер жарияланған күннен күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік комиссияға мәлімделген селекциялық жетістікке қатысты талабын жібере алады.

Негізделген талаптың түскені туралы мемлекеттік комиссия өтініш берушіге талаптың мәнін баяндай отырып хабарлайды.

Талаппен келіспеген жағдайда өтініш берушінің хабарламаны алған күннен бастап үш ай мерзімде мемлекеттік комиссияға дәлелді қарсылық жіберуге құқығы бар.

Сараптама ұйымы мемлекеттік комиссияның қорытындысы негізінде шешім қабылдайды және ол туралы мұдделі адамға хабарлайды.

Егер сорт, тұқым жаңалық өлшеміне сәйкес келмесе, патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

2. Сорттың, тұқымның ерекшелігін, біртектілігін және тұрақтылығын сынақтан еткізуді қабылданған әдістемелер бойынша мемлекеттік комиссиялар белгіленген мерзімде жүргізеді.

Мемлекеттік комиссиялар сараптама жасау үйымы өтінім материалдарын жіберген күннен бастап бір ай ішінде патент қабілеттілігіне сынақтар өткізудің нақты мерзімдері туралы сараптама жасау үйымын хабардар етеді.

Өтінім беруші сынақтан өткізуге тұқымдардың немесе асыл тұқымдық материалдың қажетті мөлшерін ұсынуға міндettі.

3. Мемлекеттік комиссиялар Қазақстан Республикасының, сондай-ақ тиісті шарттар жасасылған басқа мемлекеттердің басқа да үйымдары жүргізген сынақтардың нәтижелерін және өтініш беруші табыс еткен деректерді пайдалануға құқылы.

4. Сұрып, тұқым патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келген кезде, мемлекеттік комиссия сұрыпты, тұқымды сипаттай отырып, қорытынды жасайды.

Мемлекеттік комиссия қорытындысының негізінде сараптама үйымы он жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім шығарады, бұл жөнінде өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.

Патент беру туралы шешімнің қабылданғаны туралы хабарлама өтінім берушіге ұсынылатын күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама үйымына патент беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжат ұсынылмаған кезде, өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

5. Егер сараптама жүргізу және сынақтан өткізу барысында сұрыптың, тұқымның патентке қабілеттілік талаптарына сай келмейтіндігі анықталған жағдайда, сараптама үйымы мемлекеттік комиссия қорытындысының негізінде он жұмыс күні ішінде патент беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.

Өтініш беруші патент беруден бас тарту туралы шешімге оны алған құннен бастап үш ай мерзімде үәкілдепті органға қарсылық бере алады. Қарсылықты шағым кеңесі ол түсken құннен бастап үш ай мерзімде қарауға тиіс.

6. Өтініш беруші сараптама қарсы қойған барлық материалдармен таныса алады. Өтініш беруші сұраған материалдардың көшірмелерін сараптама ұйымы оған сауал салудан алған құннен бастап бір ай мерзімде жібереді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **4-тaraу. Автор және патент иесі**

##### **11-бап. Селекциялық жетістіктің авторы**

1. Селекциялық жетістікті шығармашылық енбегімен жасаған, ашқан немесе өсіріп шығарған жеке тұлға автор болып танылады.

2. Егер селекциялық жетістік бірнеше адамның ұжымдық шығармашылық енбегімен жасалса, олардың бәрі де оның авторлары (Қосымша авторлары) болып есептеледі. Авторларға тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісіммен белгіленеді.

3. Авторға (авторларға) тек техникалық, ұйымдастыруышылық, материалдық (қаржылық) көмек көрсеткен немесе сортқа, тұқымға берілетін құқықтарды әзірлеуге және ресімдеуге жәрдемдескен адамдар авторлар болып танылмайды.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

##### **12-бап. Селекциялық жетістік авторының құқықтары**

1. Автордың жеке мүліктік емес құқықтары иеліктен шығарылмайтын болып табылады және мерзімсіз қорғалады.

2. Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген селекциялық жетістіктің патент иеленуші болып табылмайтын авторына сараптама ұйымы оның авторлығын растайтын ресми қуәлік береді.

3. Өзінің селекциялық жетістігіне өз есімін беруге автордың құқығы бар.

4. Автордың өзі жасаған, ашқан немесе өсіріп шығарған селекциялық жетістікті патенттің қолданылу мерзімі ішінде пайдаланғаны үшін патент иеленушіден сыйақы алуға құқығы бар. Сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары патент иеленуші мен автор арасында жасалған келісімде айқындалады. Келісім болмаған жағдайда авторға сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.

Бұл орайда автор сыйақысының мөлшері патент иеленушінің селекциялық жетістіктерді пайдаланғаны үшін алатын жыл сайынғы түсімдері, оның ішінде лицензия сатудан алатын түсімдері сомасының бес процентінен кем болмауға тиіс.

Егер автордың патент иеленушімен шартында өзгеше көзделмесе, авторға сыйақы селекциялық жетістік пайдаланылған әрбір жыл біткеннен кейін алты ай ішінде төленеді.

Егер селекциялық жетістікті бірнеше автор жасаса, ашса немесе шығарса, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше белгіленбесе, сыйақы авторларға тең үлеспен төленеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09. № 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 382-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Зандарамен.

## **13-бап. Селекциялық жетістіктің патент иесі**

Патент:

- 1) селекциялық жетістік авторына (авторларына);
- 2) оның мұрагеріне (мұрагерлеріне);
- 3) автор (авторлар) немесе оның (олардың) құқықтық мирасқорлары Селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім қабылданған кезге дейін селекциялық жетістікке жасаған өтінімінде не сараптама ұйымына берген өтінішінде көрсетілген жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (олардың келісімі болған кезде);
- 4) егер селекциялық жетістікті қызметкер қызметтік тапсырманы немесе қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаса, ашса немесе шығарса, жұмыс берушіге беріледі.

Атына патент беру сұралып отырған бірнеше адам болған жағдайда, оларға бір патент беріледі.

**Ескерту.** 13-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **14-бап. Патент иеленушінің құқықтары мен міндеттері**

1. Егер мұндай пайдалану басқа патент иеленушілердің құқықтарын бұзбайтын болса, патент иеленушінің селекциялық жетістікті пайдалануға айрықша құқығы болады. Селекциялық жетістікке қатысты мынадай іс-әрекетке патент иеленушінің рұқсаты керек:

- 1) өндіру немесе молайту (көбейту);

2) көбейту мақсаты үшін ұрықты себетіндей деңгейге жеткізу;

3) сатуға ұсыну;

4) сату немесе өткізудің өзге де түрлери;

5) Қазақстан Республикасының аумағынан әкету;

6) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу;

7) жоғарыда аталған мақсаттар үшін сактау.

2. Патент иеленушінің құқығы азаматтық айналымға патент иеленушінің рұқсатынсыз енгізілген ұрықтар мен асыл тұқымды жануарлардан өндірілген өсімдік материалы мен тауарлы малға да қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері селекция жетістіктерінің сорты мен тұқымының:

1) егер осы селекциялық жетістіктердің өздері басқа селекциялық жетістіктің белгілерін мұра ретінде иеленбеген болса, селекциялық жетістіктің белгілерін елеулі дәрежеде мұра ретінде иеленетін;

2) селекциялық жетістікten көрінеу ерекшеленбейтін;

3) Алынып тасталды

4) оларды молайту селекциялық жетістікті сан мәрте пайдалануды қажет ететін ұрықтары мен асыл тұқымды материалына қатысты қолданылады.

Селекциялық жетістік бастапқысынан айқын ерекшеленген кезде:

- 1) бастапқы селекциялық жетістіктің генотипін немесе генотиптерінің комбинациясын білдіретін негізгі белгілерді сақтай отырып, бастапқы селекциялық жетістіктің немесе бастапқы селекциялық жетістіктің маңызды белгілеріне өзі ие болып қалатын селекциялық жетістіктің неғұрлым маңызды белгілеріне ие болып қалса;
- 2) бастапқы сорттан, тұқымнан жеке іріктеу, индукцияланған немесе өздігінен клондалған мутантты іріктеу, қайыра будандастыру және гендік инженерия сияқты әдістерді қолданудан туындаған ауытқуларды қоспағанда, бастапқы селекциялық жетістік генотипіне немесе генотиптерінің комбинациясына сәйкес келсе селекциялық жетістік басқа (бастапқы) селекциялық жетістіктің белгілерін елеулі түрде ие болып қалған селекциялық жетістік деп танылады.

#### 4. Алынып тасталды

#### 5. Патент иеленуші:

- 1) азаматтық айналымға өндірісте пайдалануға ұсынылатын сортты, тұқымды енгізуге;
- 2) сортты, тұқымды қорғау мақсатында мемлекеттік комиссия белгілеген ресми сипаттамада көрсетілген белгілердің сақталуы үшін патенттің қолданылу мерзімі ішінде сортты, тұқымды бірқалыпты ұстап тұруға;
- 3) патентті күшінде ұстau үшін жыл сайын ақы төлеп тұруға міндетті.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.**

**15-бап. Патент иеленушінің құқықтарын бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Осы Занды бұза отырып өсімдіктер сортын, жануарлар тұқымын пайдаланатын жеке немесе занды тұлға патент иеленушінің құқықтарын бұзғанына кінәлі болып саналады.

2. Жеке немесе занды тұлға, егер:

1) патент иеленушінің рұқсатынсыз өтінім берілген сорт, тұқым туралы коммерциялық құпия болып табылатын мәліметті ашса;

2) өндірілген және сатылған өсімдіктердің қорғалатын сорттарына, асыл тұқымды мал тұқымдарына тіркелгендегісінен өзгеше атау берсе;

3) өндірілген және сатылатын өсімдіктердің қорғалатын сорттарына, асыл тұқымды мал тұқымдарына селекциялық жетістікпен шатастыратындаі дәрежеде ұқсас атау берсе;

4) іс жүзінде ондай емес өндірілген және (немесе) сатылатын тұқымдарға, асыл тұқымды материалға селекциялық жетістіктің іс жүзінде ондай емес атауын берсе;

5) селекциялық жетістік туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтері бар құжаттар табыс етсе, патент иесінің құқықтарын бұзушы болып саналады.

3. Патент иеленушінің құқықтарын бұзған тұлға патент иесіне селекциялық жетістікті пайдаланғаны үшін өтем төлеуге, сондай-ақ зандарға сәйкес осы Занды бұзу салдарынан туындаған басқа да шығындардың орнын толтыруға міндетті.

4. Айрықша немесе айрықша емес лицензияның иесі патент иеленушінің жазбаша рұқсаты бойынша немесе оның сенімхаты бойынша патентті бұзушыға талап қоя алады

.

5. Шығындардың орнын толтыру туралы талап шығын келтірілген күннен басталып, патенттің бұзылу кезеңіне белгіленеді.

## **16-бап. Құқықты мұраға қалдыру**

Селекциялық жетістікке өтінім беру және оған патент алу құқығы, селекциялық жетістікті пайдалануға, сондай-ақ сыйақыға және оны пайдаланудан түсken кіріске айрықша құқық мұра ретінде немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **17-бап. Патент иеленушінің айрықша құқықтарын бұзу болыш танылмайтын іс-әрекет**

Селекциялық жетістікті пайдалануға қатысты:

- 1) жеке және коммерциялық емес мақсаттарда жасалатын;
- 2) сынау мақсатында жасалатын;
- 3) осы Заңның 14-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, селекциялық жетістіктерді басқа сорттар мен тұқымдар шығарудың бастапқы материалы ретінде пайдалану жөніндегі;
- 4) селекциялық жетістіктерді тұқымдық мақсаттарда өткізу құқығынсыз өз мұқтажы үшін пайдалану жөніндегі әрекеттер патент иеленушінің құқықтарын бұзу деп танылмайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **17-1-бап. Бұрынғыша пайдалану құқығы**

1. Селекциялық жетістікке басымдық берілген күнге дейін автордан тәуелсіз жасалған селекциялық жетістікке ұқсас өсімдік сортын немесе жануар тұқымын

Қазақстан Республикасының аумағында адал пайдаланған немесе осыған қажетті әзірліктер жасаған тұлғаның осындай пайдалану көлемін кеңейтпей оны өтеусіз пайдалану құқығы (бұрынғыша пайдалану құқығы) сақталады.

Бұрынғыша пайдалану құқығы басқа тұлғаға ұқсас өсімдік сорты немесе жануар тұқымы пайдаланылған немесе осыған қажетті әзірліктер жасалған өндіріспен бірге ғана берілуі мүмкін.

2. Басымдық берілген күннен кейін, бірақ патент беру туралы мәліметтер жарияланған күнге дейін селекциялық жетістікті пайдалануды бастаған тұлға патент иесінің талабы бойынша одан әрі пайдалануды тоқтатуға міндетті. Бірақ, мұндай тұлға патент иесіне осы пайдаланудың нәтижесінде келтірілген шығындарды өтеуге міндетті емес.

Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## **5-тарау. Селекциялық жетістікті пайдалану**

### **18-бап. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстау**

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға (лицензиат) қорғалатын селекциялық жетістікті патент иеленушінің (лицензиар) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылды.

2. Лицензиялық шартта лицензиардың лицензиатқа:

1) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (қарапайым, ерекше емес лицензия) беру құқығын сақтап;

2) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз;

3) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (ерекше лицензия) беру құқығының селекциялық жетістікті пайдалану құқығын табыстау көзделуі мүмкін.

Лицензиялық шартта пайдалану талаптары көрсетілмеген жағдайда, селекциялық жетістікті пайдалануға құқық қарапайым, ерекше емес лицензия талаптарымен табысталады.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі лицензиялық шартта айқындалады және тараптардың өзара келісіуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Лицензиялық шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты лицензиялық шарттың талаптарын ескере отырып, қосалқы лицензиялық шарттың немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының негізінде басқа тұлғага (қосалқы лицензиат) беруге құқылы. Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиат лицензиар алдында жауапты болады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықты басқа тұлғага беру лицензиялық шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстау туралы шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - КР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **19-бап. Ашық лицензия**

Патент иеленуші кез келген тұлғаға селекциялық жетістікті пайдалануға лицензия алу құқығын беру туралы сараптама ұйымына өтініш бере алады (ашық лицензия).

Аталған лицензияны алуға тілек білдірген тұлға патент иеленушімен шарт жасасып, оны осы Заңға сәйкес міндепті түрде тіркетуге міндепті. Шарт жөніндегі дауларды сот қарайды.

Патент иеленушінің ашық лицензияға құқық беру туралы өтініші бюллетеньде ашық лицензия туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап үш жыл бойы өз күшін сақтайды. Аталған мерзім шегінде патентті күшінде ұстау үшін төленетін ақы ашық лицензия туралы мәліметтер жарияланған жылдан кейінгі жылдан бастап елу процентке кемітіледі.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.07.09. N 586 Заңымен; 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **20-бап. Мәжбүрлеу лицензиясы**

1. Патент иеленуші селекциялық жетістікті пайдаланбаған және ол қолайлы коммерциялық жағдайларда лицензиялық шарт жасаудан бас тартқан жағдайда, егер селекциялық жетістік патент беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап үш жыл ішінде селекциялық жетістікке патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін селекциялық жетістік үздіксіз пайдаланылмаса, кез келген тұлға өзіне ерекше емес мәжбүрлеу лицензиясын беру туралы сотқа өтініш жасай алады. Егер патент иеленуші селекциялық жетістіктің пайдаланылмауы дәлелді себептерге байланысты

болмағанын дәлелдемесе, сот аталған лицензияны төлемдердің мерзімдерін, мөлшері мен тәртібін көрсете отырып береді. Төлемдердің мөлшері лицензияның қалыптасқан практикаға сәйкес белгіленген рыноктық бағасынан төмен белгіленбеуге тиіс.

Кез келген мәжбүрлеу лицензиясы ең алдымен Қазақстан Республикасының ішкі рыногының қажеттерін қамтамасыз ету үшін берілуге тиіс.

Аталған селекциялық жетістікті пайдалану құқығын мәжбүрлеу лицензиясы берілген тұлға басқа тұлғаға осы селекциялық жетістіктік пайдаланылатын кәсіпорынмен бірге ғана беруі мүмкін.

Мәжбүрлеу лицензиясын беруге себеп болған мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылған жағдайда сот оның күшін жоюға тиіс.

2. Селекциялық жетістіктерді бұл орайда қолайлы коммерциялық жағдайларда лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан басқа патент иеленушінің селекциялық жетістікке құқығын бұзбай пайдалана алмайтын патент иеленушінің өзіне селекциялық жетістікті Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға ерекше емес мәжбүрлеу лицензиясын беру туралы сотқа арыз жазып жүргінуге құқығы бар.

Аталған лицензия берілген жағдайда сот патенті басқа тұлғаға тиесілі селекциялық жетістіктің пайдаланылу шегін, төлемдердің мерзімдерін, мөлшері мен тәртібін белгілеуге тиіс. Бұл орайда төлемдердің мөлшері лицензияның қалыптасқан практикаға сәйкес белгіленген рыноктық бағасынан төмен белгіленбеуге тиіс.

Селекциялық жетістікті пайдалануға осы тармақ негізінде алынған құқық осы селекциялық жетістікке патентті сол құқықтың берілуіне байланысты берген жағдайда ғана берілуі мүмкін.

## **20-1-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру**

1. Патент иеленуші өзіне тиесілі селекциялық жетістікке айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе занды тұлғаға беруге құқылы.

Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі ішінде жазбаша нысанда жасалады.

2. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.

Ескерту. 5-тарау 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**20-2-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттары**

1. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде мәліметтерді Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңыздылығына алып келеді.

2. Шарттың тоқтатылуына байланысты Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу немесе соттың занды қүшіне енген шешімі негізінде тіркеудің қүшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

3. Мыналар:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі. Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

## 5. Мыналар:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) тарапта селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

**Ескерту. 5-тaraу 20-2-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **6-тарау. Патенттің қолданылуын тоқтату**

### **21-бап. Патентті жарамсыз деп тану**

1. Патент бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, егер:

1) оның мәлімдеуші берген селекциялық жетістіктің біртектілігі және тұрақтылығы туралы расталмаған деректер негізінде берілгені;

2) патент берген күнінде селекциялық жетістіктің жаңалық пен ерекшелік өлшемдеріне сәйкес келмегені;

3) патентте патент иесі ретінде аталған адамның патент алуға заңды негіздемелері болмағаны анықталса, оның берілуі дау туғызыу және оған қарсылықтар бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

**2. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **21-1-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуын қалпына келтіру. Соңынан пайдалану құқығы**

1. Патентті күшінде ұстап тұрудың белгіленген мерзімінде төленбеуіне байланысты төлемнің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап тоқтатылған селекциялық жетістікке патенттің қолданылуы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша қалпына келтірлуі мүмкін.

Мұндай өтінішхат патентті күшінде ұстап тұру үшін төлемнің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде патенттің қолданылуын қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған кезде, бірақ осы Заңға сәйкес белгіленген патенттің қолданылу мерзімі өткенге дейін берілуге тиіс.

Сараптама ұйымы патенттің қолданылуы қалпына келтірілгені туралы мәліметтерді бюллетенде жариялады, сондай-ақ оларды өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Жариялау күні патенттің қолданылуын қалпына келтіру күні болып табылады.

2. Патенттелген селекциялық жетістікті патенттің қолданылуы тоқтатылған күн мен патенттің қолданылуы қалпына келтірілгені туралы мәліметтер бюллетенде жарияланған күн арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасы аумағында пайдалана бастаған не көрсетілген кезеңде осыған қажетті дайындықтарды жасаған кез келген тұлға патенттелген селекциялық жетістікті одан әрі өтеусіз пайдалану құқығын осындай пайдаланудың (сонынан пайдалану құқығы) көлемін кеңейтпестен сақтайды.

Сонынан пайдалану құқығы басқа жеке немесе занды тұлғаға осы селекциялық жетістікті пайдалану орын алған немесе осыған қажетті дайындықтар жасалған өндіріспен бірге берілуі мүмкін.

**Ескерту. 6-тaraу 21-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.04.2015 № 300-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **22-бап. Патенттің күшін жою және оны мерзімінен бұрын тоқтату**

1. Селекциялық жетістікке берілген патенттің күшін сараптама ұйымы:

- 1) оны осы Заңның 21-бабына сәйкес заңсыз деп таныған;
- 2) сорт, тұқым біртектілік пен тұрақтылық көрсеткіштеріне ендігі жерде сәйкес келмеген;
- 3) сорттың, тұқымның аман сақталуын тексеру үшін сараптама органының өтініші бойынша патент иеленуші қажетті ақпаратты, ұрықты, асыл тұқым материалдарын және құжаттарды 12 ай ішінде бермеген немесе осы мақсаттар үшін жергілікті жерлерде сортқа, тұқымға инспекция жүргізу үшін жағдайлар болмаған;

4) егер патент иеленуші басқа, неғұрлым лайықты атау ұсынбаса, патент берілгеннен кейін селекциялық жетістіктің атауы жойылған кездерде жояды.

## 2. Патенттің қолданылуы:

1) патент иеленушінің бюллетеніде патенттің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап сараптама ұйымына берген өтініші негізінде;

2) ақы төлеудің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап патентті құшінде ұстаудың белгіленген мерзімінде ақы төленбеген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586 Заңымен; 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 6-1-тарау. Апелляциялық кеңес және патенттік сенім білдірілген өкілдер

Ескерту. Заң 6-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 22-1-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілдегі орган жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

## 2. Апелляциялық кеңеске сараптама ұйымының:

- 1) селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімді қараудан;
- 2) селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне қарсылық берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндettі болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы және селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

- 1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;
- 2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;
- 3) сараптама үйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

- 1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетсіру қолданылып жүргізіледі.

**Ескерту. 22-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**22-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңесте қараудан бас тарту негіздері**

1. Егер:

- 1) қарсылық апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;
- 2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса;
- 3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және аталған мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;
- 4) өтініш беруші қарсылықты беруді ресімдеуге, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықты қарауға қабылдауға болмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелеңіні туралы хабарлама жіберіледі.

Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты апелляциялық кеңес алқасы шешімді жарияланғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

## **22-3-бап. Қарсылықты қарау**

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындастын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.
2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп таныған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.
3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.
4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысусының қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес өзінің бастамасы бойынша қарсылықтың нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараган кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қабылданған шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық кателерді өз бетінше немесе отырыска қатысушылардың өтінішхаты бойынша түзете алады.

Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

9. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

10. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 22-3-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **22-4-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер**

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл қуәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;
- 2) уәкілетті органның және оның ведомствоның бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;
- 3) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;
- 4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

- 1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомствоның бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;
- 3) осы Заңның 22-6-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға себеп болған негіздер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қызметтік және коммерциялық құпияяға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялышты болып танылады.

**Ескерту. 22-4-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **22-5-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері**

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның), өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мұддесінде мынадай қызмет тұрларін:

1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік құқықтарын иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) тапсырыс берушінің, сенім білдірушінің, жұмыс берушінің атынан және тапсырмасы бойынша селекциялық жетістіктерге өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) селекциялық жетістіктерге құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама жасау ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама шешімдеріне қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама жасау ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу ;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасасуға, қарauғa және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл селекциялық жетістіктерге өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл сенімхаттың тұпнұсқасын тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға ұсынуға міндettі. Тұпнұсқалығы расталғаннан кейін сенімхаттың тұпнұсқасы қайтарылуға жатады.

Егер сенімхат шетел тілінде жасалса, онда міндettі түрде оның нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мұдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мұдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндettі.

**22-6-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою**

Ескерту. 22-6-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл атtestаттау комиссиясының шешімімен:

1) өзінің атtestаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;

5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе ол хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;

6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және күшін жою туралы тиісті мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

**3. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл, бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп

түсken шағымды қараган кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл қуәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл қуәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;
- 2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 22-6-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **7-тарау. Қорытынды ережелер**

### **23-бап. Осы Заңды қолдануға байланысты дауларды шешу**

1. Мынадай даулар:
  - 1) сортқа, тұқымға авторлық туралы;
  - 2) патент иеленушіні белгілеу туралы;
  - 3) патент иеленушінің пайдалануға ерекше құқығын және басқа мүліктік құқықтарын бұзу туралы;

4) селекциялық жетістікті пайдалануға лицензиялық шарттарды жасасу және оны орындау туралы;

5) осы Заңда көзделген өтемақыларды төлеу туралы;

6) шартқа сәйкес авторға сыйақы төлеу туралы;

7) патент беру туралы;

7-1) патентті жарамсыз деп тану туралы;

8) мәжбүрлеп лицензия беру туралы;

9) патенттен туындастын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар сот тәртібімен қаралуға жатады.

Көрсетілген даулар, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, егер бұған "Төрелік туралы" және "Медиация туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаса, тараптардың келісімі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.

2. Осы Заңның 22-1-бабының 2-тармағында көрсетілген сараптама ұйымының шешімдеріне талап қою арыздары апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**24-бап. Селекциялық жетістіктерді өндірісте пайдалану**

1. Пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімдеріне селекциялық жетістіктерді агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті орган:

1) тұқымдар бойынша – шаруашылықтағы пайдалылығы жөнінде тұқымдарды сынау және байқау жөніндегі мемлекеттік комиссия жүргізетін мемлекеттік сынақ нәтижелері бойынша;

2) сұрыптар бойынша – шаруашылықтағы пайдалылығы жөнінде ауыл шаруашылық дақылдарын сұрыптық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия жүргізетін мемлекеттік сынақ нәтижелері бойынша немесе өтінім берушінің деректері бойынша енгізеді.

2. Откізілетін ұрықтармен және асыл тұқымдық материалмен олардың қандай сортқа, тұқымға жататынын, қайдан шыққанын және сапасын куәландыратын тиісті құжаттар қоса жүргуге тиіс.

Құжат тиісті аймақта пайдалануға ұсынылатын сорттың ұрығына, тұқымның асыл тұқымдық материалына беріледі.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 25-бап. Заңдық маңызы бар іс-қимылдарға ақы төлеу

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын патентке қабілеттілігіне сынақтан өткізгені үшін төлемақы алады

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 26-бап. Жарияланымдар

## 1. Бюллетенде селекциялық жетістікті тіркеуге қатысты:

- 1) селекциялық жетістік басымдығының күнін, өтінім берушінің атын (атауын), селекциялық жетістіктің атауын, егер бас тартпаса, автордың аты-жөнін көрсете отырып, онды нәтиже мен алдын ала сараптамадан өткен патент беруге жасалған өтінімдер туралы;
- 2) патент беру туралы өтінім бойынша қабылданатын шешімдер туралы;
- 3) селекциялық жетістіктердің атауындағы өзгерістер туралы;
- 4) патенттерді жарамсыз және олардың күші жойылды деп тану туралы;
- 5) селекциялық жетістіктерді қорғауға қатысты басқа да мәліметтер жарияланады.

2. Өтінім туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін кез келген тұлға өтінім материалдарымен танысуға құқылы.

**Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.**

## **27-бап. Шет елдерде селекциялық жетістіктерді патенттеу**

Өтінім беруші Қазақстан Республикасы селекциялық жетістіктерді қорғау туралы екі жақты немесе көп жақты халықаралық шарт арқылы байланысы бар басқа мемлекеттің құзыретті органына селекциялық жетістікті қорғауға алғашқы өтінім беруге құқылы.

Өтінім беруші өзі алғашқы өтінім берген мемлекеттің құзыретті органы оған қорғау құжатын бергенін күтпей-ақ басқа мемлекеттердің құзыретті органдарына өтінім беруге құқылы.

Селекциялық жетістіктерге құқықтарды Қазақстан Республикасының шегінен тыс қорғауға байланысты шығындарды өтінім беруші өтейді.

**Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.**

**28-бап. Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың құқықтары**

1. Шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалар осы Занда және Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы өзге де заң және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құқықтарды Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде немесе өзара түсіністік принципінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен бірдей пайдаланады.

2. Қазақстан Республикасында тұратын азаматтығы жоқ адамдар осы Занда және селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғауға қатысты өзге де актілерде көзделген құқықтарды, егер осы Заңнан өзгеше туында маса, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен бірдей пайдаланады.

**Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**29-бап. Халықаралық шарттар**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан басқа ережелер белгіленсө, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан  
Президенті

Республикасының